



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мерей

Еңбек еленген күн

Кеше 15 қараша – Ұлттық валюта теңге күні және ҚР қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай шара өтті. Аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов қаржы саласының тұрақты дамуына үлес қосқан қызметкерлерді төл мерекем құттықтап, олардың еңбек жолына тоқталды.

– Қандай қоғамда да, қандай мемлекетте де қаржы-экономика саласының алатын орны ерекше. Мемлекеттің мықтылығы, қуаттылығы, экономикалық әлеуетінің жоғары болуы дамыған қаржы жүйесімен тығыз байланысты. «Жүйелі экономика – қуатты мемлекет» дейтініміз сондықтан. Бүгінгі Ұлттық валюта күні мерекесінде ел экономикасының дамуына аянбай күш-жігерін жұмсаған қаржы саласының ардагерлері мен сала мамандарына алғыс білдіреміз, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Жиында ауданның қаржы саласында еңбек етіп, әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген сала үздіктері ҚР қаржы министрілігінің және облыс әкімі мен аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапатталып, құрмет төрінен көрінді. Сондай-ақ салтанатты шарада Жалағаш кенті ардагерлер ке-



ңесінің төрағасы Қожатай Құлмахан, сала ардагері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Болат Төшімбетов ізгі тілектерін білдірді.

Айта кету керек, 2014 жылы аудан бюджеті 5 млрд 765,3 млн теңгені құраған. Ал биыл бұл көрсеткіш 12 млрд 216,5 млн теңгеге жетті. Осыдан-ақ ау-

дан экономикасын көтеруде жергілікті қаржыгерлердің табанды нәтижесін еңбек етіп жатқанын аңғаруға болады.

1993 жылы 15 қарашада кеңестік рубльдің орнына алғашқы қазақстандық теңге айналымға енді. Бұл – мемлекеттің тәуелсіздігінің айқын дәлелі. 1993 жылдың шілдесінде Ресейдің Орталық

банкі 1961-1992 жылдардағы кеңестік банкноттарды, сондай-ақ 1992 жылғы 5 және 10 мың рубльдік ресейлік банкноттарды айналымнан шығару бойынша шешім қабылдады. Ресейдің Орталық банкі күшін жойған ескі үлгідегі кеңестік рубль ағыны бұрынғы одақтас республикаларға, соның ішінде Қазақстанға да үлкен көлемде құйылды. Бұл инфляцияның жаңа айналымына, кейін гиперинфляцияға әкелді. Дағдарыстық жағдайдан тезірек шығу үшін түбегейлі ақша реформасын жүргізу қажет болды.

1993 жылы 12 қарашада Қазақстан Президенті «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Енді жаңа валютаның атауын таңдау қажет еді. Түрлі пікірлер айтылып жатты. Кей тұлғалар «алтын» деп атайық десе, «ділде» деген атауды да ұсығандар болды. Ақыры ежелгі түркілердің тарихынан «теңге» сөзі таңдалды. Оның ең кіші номиналы болып «тиын» аталды.

1993 жылы 15 қарашада банкноттардың бірінші сериясы айналымға шығарылды. 1990 жылдардың соңы мен 2000 жылдардың басы үлкен номиналдағы банкноттарды шығару қажеттілігіне әкелді. Бұл жұмыстар 2004 жылға дейін жүзеге асты. Сол уақыттан бері ел экономикасын нығайтуда нақты жұмыстар жасалды, тіпті ол өз нәтижесін берді. Әлбетте онда жалағаштық қаржыгерлердің де өзіндік қолтаңбасы бар.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Мәселе

3 тонна марихуана тәркіленген

Нашақорлық – ғасыр дерті. Әлемді жайлаған есірткі дерті күн сайын тамырын тереңге жайып барады. Бұл адам баласының денсаулығы мен еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін үлкен қатер екені айтпаса та белгілі. Сондықтан бүгінде қоғам есірткі заттарының таралуымен белсенді күресуде. Мемлекет басшысы жақсылыққа жету үшін ең алдымен жағымсыз әдеттерден арылу қажет екенін Ұлттық Құрылтайда тілге тиек етті. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз қажет. Яғни шын мәнінде озық ұлт болу үшін жақсылыққа ұмтылумен қатар, еліміздің өсіп-өркендеуіне кедергі болатын жаман әдет, жағымсыз қылық және қауіпті кеселден құтылуымыз керек. Бұл – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы өте маңызды қадам екені айтпаса да түсінікті.



Осы орайда 1 маусым мен 31 қазан аралығында республика аумағында «Қарасора – 2024» кең ауқымды жедел алдын алу іс-шарасы өтті. Операция құрамында есірткісі бар өсімдіктерді есіру фактілерін анықтауға, жасырын егістіктер және плантацияларды жоюға бағытталған.

Қызылорда облысы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының мәліметінше, іс-шара кезеңінде аймақта 207 есірткі құқық бұзушылығы анықталса, оның ішінде 67 дерегі есірткі есіру, 9 өткізу, 6 есірткіні аса ірі мөлшерде сақтау, 17 жарнамалау, 1 есірткіні тұтынуға көндіру және 172 қылмыстық теріс қылықтар тіркелген. Заңсыз айналымнан барлығы 1 тонна 208 келі 186 грамм «каннабис» өсімдігі, 13 келі 848 грамм «көкнер», 30 келі 864 грамм «марихуана», 1 келі 14 грамм «гашиш», 57,4 грамм «синтетика» тәркіленген. Жалпы 11 мың 970 түп сора өсімдігі анықталып, қыруйек-қазан айларына дейін пісіп-жетілгенінде әр түптен шамамен 500 граммнан есептегенде 3 тоннаға жуық марихуанының заңсыз айналымға түсуіне жол берілмеген.

Сондай-ақ далалық аймақтардан 19 ірі есірткі алқабы, үй, бау-бақша, саяжайлардан 48 дерек анықталған. Есірткі есірумен айналысқан 55 адам құрықталып, оның 14-і қамауға алынған.

Айта кету керек, операцияға Департаменттің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері ғана емес, сондай-ақ Бүркіт АЖ, Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ қызметкерлері, ІІМ-нің Ұлттық ұланының тікұшағы мен пилотсыз ұшу аппараттары жұмылдырылған.

Әскери тік ұшақ техникасының көмегімен 30 мәрте әуеден шолу жүргізіліп, есірткі өсірудің 11 дерегі, Жаңақорған ауданынан 4 дерек анықталып, іздеудегі қылмыскер ұсталған. Ішкі істер органдарында тіркелмеген 5 заңсыз қару алынған. Мұнан бөлек мобильді бекеттерде қызметтік іздеуітерін иттерінің көмегімен есірткі тасымалдаудың 39 дерегі, оның ішінде аса ірі мөлшерде тасымалдаудың 3 дерегі анықталған.

Сонымен қатар Қызылорда облысының Полиция департаментінен биыл қарашаның 4-8 күндері аралығында республика көлемінде «Дәрмек» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілген. Іс-шара кезінде 15 денсаулық сақтау мекемесінде, 7 кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу департаментінің «ЕРСОП» жүйесіне тіркеліп, тексеру жүргізілген. Іс-шара кезінде 15 өкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Оның ішінде есірткі құралдары сақталатын үй-жайлардың техникалық нығайтылу талаптарын бұзудың 5, фармацевтика қызметінің қағидаларын бұзудың 8, заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызметтің 2 дерегі тіркелген. Нәтижесінде өкімшілік жауапкершілікке 10 адам тартылса, оның ішінде 5-еуі – медицина саласының қызметкері. Сондай-ақ 155 дана таблетка және 715 ампула психотроптық зат алынған.

Есірткісіз қоғам құру – Қазақстанның әрбір азаматының алдындағы міндеті. Жастар – біздің болашағымыз! Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету барлығымыз үшін ең бірінші орында екенін ұмытпайық. Полиция Департаментінің жеке құрамы өз кезегінде нашақорлықтың алдын алуда қойылған міндеттерді орындау үшін қолда бар мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдаланып, әрдайым бірлесіп есірткіні түбегейлі жоюға жұмыс жасасуда. Іс-шара аяқталғанымен бұл бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табады.

Ж.АРЫН

Тағзым

Қаламгер рухына құрмет



Жалағаш ауданында елдің ертеңі үшін еңбек етіп, аудан экономикасы мен руханиятын көтеруде өзіндік қолтаңбасын қалдырған ғибратқа толы ғұмыр иелері жетерлік. Әлбетте олардың өнегелі өмір жолы өскелең ұрпаққа үлгі болары анық. Ал кейінгі буынға олардың қажырлы еңбегін, қоғамның дамуына қосқан сүбелі үлесін есiet ету – маңызды міндет.

Аудан руханиятына аз ғана ғұмырында елеулі еңбек сіңірген қарымды қаламгер, айтулы ақын Зордан Салықбаевтың есімі жалағаштықтарға етене таныс. Иә, ол аудандық редакцияда жұмыс жасап, өзекті тақырыптарға қалам тербеді. Ел ішіндегі тұралаған мәселелерді жергілікті биліктің назарына салып, шешімін табуына да бастамашы болғаны әлі күнге дейін жұртының жадында. Мұнан бөлек ұттық төрбие, жастарға патриоттық тағлым болатын тақырыптық мақалалар оның шығармашылығынан шет қалмады. Күні кеше қарымды қаламгердің туған жерінде жұрты айтулы ақынды еске алып, шығармаларына терең бойлады.

Айтулы шараның ашылу салтанатында аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасулан Еспенбет қаламгердің шығармашылығына терең бойлап, ақын мұрасын бүгінгі буынға жеткізуде тынымсыз еңбек өткен Зордан Салықбаевтың аяулы жары, ардагер ұстаз Дина Мирманға алғысын білдірді.

– Тереңнен сыр тартқан киелі Жалағаш өңірі таланттарға көнде болмаған. Бұл өлке талай марғасқаларды шығарған аймақ екенін білеміз. Өткен ғасырда ғұмыр өккен арқалы ақындар Төлеубай Ұрқимбаев, Әбдікерім Оңалбаев, қазақтың шежіресін өлеңмен жазған Шоңбай Жұбанұлы, өділдік үшін құрбан болған Орныбай жыраудың ізін бүгін біз еске алғалы отырған ақын Зордан Салықбайұлы да басты. КСРО

Журналистер одағының, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, елімізге белгілі ақын бірнеше жыл жинағының авторы Зордан Салықбаев өзінің кең тынысты, сыршыл жырларымен халықтың жүрегіне қалған тұлға десек те болады. Ақын өзінің замандастары сияқты соғыстан кейінгі өлдегі қиыншылықтарды көріп өсті, ер жетті. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін 1964 жылы жаңадан құрылған Аққыр совхозында еңбек етуі де ақынның халықпен араласып, ел ісіне ерте кірісуіне ықпал еткен деп ойлауымыз. Қызылдың қиясындағы жаңа құрылған шаруашылықта, мектепте еңбек жолын бастап, ауыл еңбеккерлерінің арасында болуы ақынның азаматтық болмысының қалыптасуына әсер етті. Айдалада ақ шаққан үйлер тұрғызып, Қызылқұмда отар-отар қой өргізіп, еңбек майданының бел ортасында жүрген жұмысшылар, малшылар мен шопандардың қажырлы еңбегі жас ақынның шығармашылығының негізгі арқауы болды. Талантты жас көп ұзамай-ақ аудан басшыларының назарына ілігіп, аудан орталығына, сол кездегі Қазақстан Компартиясы Жалағаш аудандық комитетіне жұмысқа шақырылды. Бұл жерде жемісті еңбек еткен ақын аудандық газеттің бас редакторы болып тағайындалды. Сөйтіп 1974-1986 жылдары Жалағаш аудандық «Жаңадария» газетінің редакторы қызметін он жылдан аса абыроймен атқарды. Осы уақытты Зордан ағамыздың нағыз



шығармашылығының толысқан кезеңі десек болар еді. Қаламгер шығармаларын бүгінгі буынға жеткізген аяулы жары Дина апайымыздың ғибратқа толы ғұмыр иесі де баршамызға өнеге, – деді Жасулан Ердүңгілі.

Иә, Зордан ағамыздың қаламынан туған «Үміт толқыны» әңгімелер жинағына енген дүниелері, «Жазылып қалған жан сырым», «Армандап өткен ғұмыр» жыр

жинақтары, өлеңдер, әңгімелер, очерктер және ой-толғаулары қалың оқырманнан жоғары бағасын алған дүниелер десе де болады. Бірақ ақынның өзінің жазған осы дүниелерінің жарыққа шыққанын көре алмай, өмірден өтуі өкінішті. Зордан ағамыз небары 44 жасында дүниеден өтіпті. Ақын ағамыздың артындағы мол әдеби мұрасын жинақтап, жарыққа шығарған жары, білім беру саласының үздік қызметкері, білікті ұстаз Дина Нұржанқызының еңбегі айрықша.

Тағлымды шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, ардагер журналист Серік Бөртев та қаламгер шығармаларына терең бойлап, оның өнегелі өмір жолын өскелең ұрпаққа есiet етті. Мәселен Садық Әлиев ақын өлеңдеріндегі теңеулер мен тақырыпты аша білуің суреткерлік қабілетін кеңінен тарқатса, Серік Бөртев Зордан Салықбаевпен қызметтес болған жылдардан сыр шерті.

Айта кетейік, Зордан Салықбаев 1944 жылы 15 мамырда Жалағаш ауданының қазіргі Жаңаталап ауылында дүниеге келген. 1960 жылы 10 жылдық мектепті бітіріп, 1963 жылға дейін туған жерінде колхозшы болып еңбек етті. 1963 жылы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі және әдебиеті факультетіне түсіп, 1967 жылы үздік дипломмен бітірді. Еңбек жолын 1967 жылы Аққыр совхозындағы №188 орта мектепте мұғалім болып бастады. 1968-1970 жылдары мектеп директорының орынбасары, 1971-1974 жылдары аудандық партия комитетінде саяси-ағарту кабинетінің меңгерушісі, 1974-1986 жылдары аудандық «Жаңадария», қазіргі «Жалағаш жаршысы» газетінің бас редакторы болды. Зордан ақын 1988 жылы небары қырық төрт жасында дүниеден өтті. Бірақ артында мол әдеби мұра қалдырды.

Шарада Зордан Салықбаевтың жары Дина апайымыз келген қонақтарға,

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Сабантой



Ақсу ауылындағы «Сәрке батыр» ЖШС жыл сайын ауыл шаруашылығы саласында толайым табысқа қол жеткізіп келеді. Биыл да осы дәстүр қайталады. Жалағаш аймақта «Үздік аудан» атанса, мұнда 110 адамды жұмыспен қамтып отырған серіктестіктің де өзіндік қолтаңбасы бар.

Ауыл еңбеккерлері миллионер атанды



Өткен аптада шаруашылық науқан қорытындысымен сабантой өтті. Ауылдағы қарапайым шаруа адамдары төбе көрсеткен жылында ала жаздай атыз басында төр төккен еңбеккерлер еңбегі өленді. Аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов ақсулықтарды, жалпы серіктестік ұжымын биылғы саладағы жетістігімен құттықтап, ұжымға ауызбіршілік, толайым табыс тіледі.

— Жалағаш — аграрлық өңір, біздің аудан — егін саласын дамытуға, осы салада өнім өндіруге қолайлы мекен. Бұл мүмкіндікті дикандарымыз құр жіберген емес. Кешегі күршітен тау тұрғызан Еңбек Ерлерінің ізбасарлары өлі де барына был тағы көз жетіп отыр. Олай дейтінім, Жалағаш аймақта ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге «Үздік аудан» номинациясын жеңіп алды. Бұл жетістікте «Сәрке батыр» ЖШС ұжымының да айтарлықтай қолтаңбасы бар. Себебі серіктестік биыл ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге толайым табысқа қол жеткізіп отыр. Енді міне, соны қорытынды шарасына да куә болып отырмыз. Еңбексүйіш қарапайым шаруа адамдары ауылда жетіп артылады. Ақсулықтар биыл бұл сөзмізді тағы бір дәлелдеді. Ауыл еңбеккерлері күршітен тау тұрғызып, рекордтық өнім жиды. Мұның барлығы ала жаздай атыз басындағы төккен тердің жемісі деп білемін. Келер жылы да нәтижелі еңбек етіп, қырмандасты астыққа толтырыңыздар. Еңбек ұжымына толайым табыс, ауызбіршілік тілеймін, — деді Әліби Байнахатов.

Шарада ауыл шаруашылығы саласында шындалған маман серіктестіктің бас агрономы, шаруашылық төрағасының орынбасары Қанат

Бұл біз секілді шаруа адамдарына үлкен шабыт болары сөзсіз. Келер жылы бұдан да жоғары өнім алуды жоспарлап отырмын. Биыл аяқсу жылдағыдай тапшы болмады, сол судың қажетіне келуінің арқасында жақсы өнім болды. Дикандарға осындай жағдай жасаған Мемлекет басшысына, Үкімет басшысына, облыс әкіміне алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Алдыңғы жылы осы мәселені көтергенбіз. Биыл өтінішіміз қанағаттандырылды, мол су келді, сәкесінше өнім де межеден артық жиналды, — дейді еңбек адамы.

Жекеңіз сөзіңіз жаны бар, аяқсудың ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіруге қандай маңызға ие екенін олардан артық ешкім білмеді. Оның үстіне күрші жерге себілгеннен орақ салғанға дейін суда тұрады. Ел ағалары биыл бұл мәселені шешіп, дикандардың еш кедергісіз еңбек етуіне бар жағдайды жасады. Нәтижесі айтпаса да түсінікті.

Жалпы «Сәрке батыр» ЖШС — ауданда егінді әртараптандыруға ерекше мән берген шаруашылық құрылымдардың бірі. Биыл да ротация тәртібін сақтаған серіктестік күршітен бөлек 440 гектар жонышқа, 70 гектар бидай және 50 гектар мақсары еккен. Жоңышқаны үш орып, бидай мен мақсарыдан да мол өнім алды. Мәселен, бидайдың әр гектарынан 9 центнерден өнім жиды.

Кешегі сабантойда тек дикандар ғана емес, комбайнерлер мен көлік жүргізушілер, инженерлер де миллионер атанды. Олардың қатарында Батыр Әжібаев та бар. Батыр атындағы серіктестікте 20 жылдан астам уақыттан бері еңбек еткен шаруа адамы соңғы 6 жылғында инженер болыпты.

Шындығында, техника тұраласа, еңбек өнімділігі жоқ дей беріңіз, себебі саладағы көп жұмыс сол техниканың күшімен бітеді. Ал осыны түйсігімен түсінген білікті инженер Батыр Әжібаев қоймадағы сыр берген техникаларды демде іске қосып, шаруаның ширауына айтарлықтай қолғабыс еткен. Мұны шаруашылық төрағасы Жамбыл Бақытұлы да жоққа шығармады.

— Өлбетте мол өнім алуда дикандардың еңбегі ерекше маңызға ие. Бірақ ауыл шаруашылығы саласында толайым табысқа қол жеткізуде басқа да мамандардың еңбегі бар. Соның ішінде инженер мамандардың табанды еңбегін ерекше айтуға болады. Біздің серіктестікте де өз ісіне жауапты инженеріміз бар. Жалпы еңбек өнімділігінде техника ерекше маңызға ие болса, сол техникалардың тұралап қалмауында инженер маманымыз Батыр Әжібаев ерекше қарқынмен ізденіп жұмыс жасады. Біз қашанда адал еңбекті бағалаймыз, сондықтан бүгінгі сабантойда Бакеңе де 1 млн теңге қаржылай сыйақы табыстадық. Алдағы уақытта бұл тек бір ғана шаруа адамына емес, жалпы ауыл еңбеккерлеріне мотивация деп білемін. Олар да нәтижелі еңбек етсе, осындай қолмақты қаражатқа ие болады, — дейді Жамбыл Шажанбаев.

Серіктестік ұжымы бүгінде алдағы көктемгі науқанда дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мәселен, қазірдің өзінде ақеіске арналған алқаттар

Мерей



Сала ардагеріне құрмет

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, өсіп-өркендеуіне зор үлес қосып, су шаруашылығы саласын дамыту бағытында аянбай еңбек еткен Асқар Табынбаев құрметті еңбек демалысына шықты. Ауданды аяқсумен қамтуда нәтижелі еңбек еткен ардақты азаматты аудан әкімі Ардақ Ибраимов қабылдады. Салтанатты қабылдауда ауданның су шаруашылығы саласының дамуына қосқан білікті басшыға ерекше еңбегі үшін алғыс айтып, халқымыздың игі дәстүріне сай жерлестер атынан құттықтады.

— Асқар Жанасұлын құрметті еңбек демалысына шығуымен шын жүректен құттықтаймын! Үлкенді үлгі етіп құрметтеу адамшылықтың ең жоғары қасиеттерінің бірі болып саналады. Қай халықтың болсын түпкі тамырында үлкенді сыйлап, ітіпат білдіру тереңде жатыр. Осы орайда ауданның әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына ерекше үлес қосқан азаматтарды ардақтап, бүгінгідей құрмет көрсету дәстүрге айналды. Зейнеткерлік жас — адам өмірінің мағыналы бөлесі. Саналы ғұмырын отбасына арнап, өліне қызмет еткен еңбектің зейнетін көретін уақыт. Сіздің туған жерді дамытудағы еселеі еңбегіңіз бен атқарған қызметіңіз — кейінгі толқынға үлгі-өнеге, — деді аудан әкімі.

Айта кетейік, Асқар Жанасұлы, еңбек жолын ПМК-9 мекемесінде мастер болып бастаған. 2011 жылдан бастап «Жалағашсушар» өндірістік учаскесінің бастығы лауазымын абыроймен атқарып келді.



Аналар алқа тақты

Аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов көпбалалы аналарды қабылдап, «Алтын алқа», «Күміс алқа» табыстады. Марапаттау рәсімінде Фани Кенжеғарұлы аналарды құттықтап, жылы лезінін білдірді.

— «Отбасы — шағын мемлекет» десек, сол мемлекеттің болашағын тәрбиелеп, өсіріп отырған — сіздер, аяулы аналар. Ауданның 85 жылдық мерейтойында, тағы бір тарихи сәттілік күесі болып отырмыз. Сіздер табиғат сыйлаған қабандылық пен іскерліктің, шыдамдылық пен қажырлы қайраттың арқасында әр салада қызмет етіп, ұл-қыздарыңызға ғана емес, жан-жаққа үлгі болып жүрісіздер! Сондықтан алдағы уақытта сол еңбектеріңіздің жемісін көріп, балаларыңыздың қуанышына тоймай жүре беріңіздер. Барлығыңызға денсаулық, бақыт, отбасыларыңызға амандық тілеймін, — деді ол.

Салтанатты шарада ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес Гүлдана Әбсадықова, Гүлжат Төлеуова, Анар Байсақалова «Алтын алқа» иегері атанса, Салтанат Құтыбаева, Міракул Айтмағанбетова, Самал Әбдіғазықызы, Гүлжан Майжанова, Нұргүл Ахметова, Жадыра Алиева «Күміс алқамен» марапатталды.

Шарада аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Эльмира Әбсатова көпбалалы аналардың қоғамдағы рөліне тоқталса, батыр аналар құрметке алғыс білдіріп, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

«ЖОЖ» ақпарат

Кеңес



Қауіпсіздік басты назарда

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен мәжіліс отырысы өтті. Онда жылы маусымы кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары және халықтың дәрілік заттармен қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Жылы маусымында өрт қауіпсіздігі үнемі күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселелердің бірі екенін тілге тиек еткен Ардақ Әбдіғарұлы оқыс оқиғалардың алдын алу бағытында нақты жұмыстар атқарылуы қажеттігін қаперге салды. Сондай-ақ құзырлы органдарға жылы маусымында қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету жөнінде берілген тапсырмалар толық және сапалы орындалуы қажеттігін қатаң ескертті.

— Өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында төтенше жағдайлар бөлімімен жүргізілетін профилактикалық жұмыстар күшейтілсін. Сонымен қатар жұмысты топпен бірге аудандағы барлық әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандарға жадынамалар таратып, үгіт-насихат жұмыстары кеңінен жүргізілуі тиіс. Жалағаш кентінде орналасқан көпқабатты тұрғын үйлерді жылы маусымы кезінде қатаң бақылауға алу қажет, — деді Ардақ Ибраимов.

Жалағаш кенті және ауылдық округ әкімдеріне жауапкершілікті аудандық төтенше жағдайлар бөліміне ысырып қоймай, жеке тұрғын үйлерді аралап, улану жағдайларын болдырмау мақсатында тұрғын үйлердің мұржаларын 2-3 рет тазалау қажеттігін жөнінде түсіндірме жұмыстарын тұрақты жүргізу тапсырылды. Ал аудандағы әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға, мүгедектігі бар адамдар мен көпбалалы отбасылар назардан тыс қалмауы қажеттігін қатаң ескертті.

Билі Ақсу мен Мөрәлі Шөменов елді мекендерін газға қосу жоспарлануда.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Бейімбет Майлин – 130 жыл

Бейімбет мұралары

Кеңестік заманның «бас жазушысы» Бейімбеттің шығармашылық зертханасында халық батыры Амангелді Иманов жайындағы еңбектері оқшау тұрады. Бұл партия белгілен берген әлеуметтік тапсырыс барысында зерттеліп, игерілген тақырып еді. Бұған Фаби Мүсірепов екеуі бірігіп жазған «Батыр большевик Амангелді» очеркі, қос автордың жеке кітап болып шыққан «Амангелді» (1935) пьесасы, толық нұсқасы сақталмаған «Шабуыл» пьесасы, «Амангелді» кинофильмі нақты мысал бола алады.


Авторлар Амангелдінің сахналық бейнесін жасауға бірден бара қойған жоқ. Алдымен «Шабуыл» деген пьеса жазып, барлау жасады. «Шабуыл» мәтіні түгел сақталмаған бар болғаны – «Әдебиет майданы» журналының 1934 жылғы екі нөміріне жарияланған үзінділері ғана. Онда Торғай қаласы Шыршық қаласы деп, Амангелді Есенгелді деп алынған. Бұл – Амангелдінің сахналық бейнесін жасаудағы алғашқы шығармашылық әрекет және болашақ «Амангелді» драмасына негіз болған шығарма. Дегенмен пьесадағы Амангелді бейнесінің жұрт күткендей жоғары деңгейде болмағаны сол кезде-ақ сөз болмай қалмады. Ф.Мүсіреповтің естелігінде Бейімбет Майлиннің атынан айтылатын «Екеуміздің «Амангелді»-де» толып жатқан шикілік бар. Тегі, соған қайта оралғанымыз дұрыс болар» деген сөздерді осылай ұяға болады.

Замандастарының естелігін қарағанда, Б.Майлиннің Амангелді туралы роман да жазбақ ойы болған. Соған орай оның тақырыпты барынша толық игеру жолындағы шығармашылық әрекетін Ф.Мүсірепов: «Амангелдінің елінде 70-80 адаммен кездестік. Бейімбет бес дәптер толтырды, мен – бір жарым-ақ... Бейімбет кездескен адамдардың көбіне мінәземе жасапты, мен – оншақты-ақ адамға...» деп жазды кейіннен. Бұдан кейін үш автор (Б.Иванов, Б.Майлин, Ф.Мүсірепов) «Амангелді» кинофильмінің сценарийін жазды. Фильмді түсіру 1937 жылдың соңына таман аяқталды. «Амангелді» киносының сөзінің барлығы Бейімбет жазған еді, оны Фабиіттің өзі айтып отыратын» дейді белгілі өнер шебері Серке Қожақұлов. Бірақ 1938 жылы «Амангелді» көркем фильмі экранға шыққан кезде оның тітрінде екі сценарист Фаби Мүсірепов пен Всеволод Ивановтың ғана есімі жазылды. Кино түсіріліп біткен бойда Б.Майлин «Халық жауы» деген жаламен ұсталды... Фаби Мүсіреповтің бұдан кейін Амангелді тақырыбына қайта оралуы, бұл орайдағы кейінгі ой-пікір, ұстанымдары өз алдына бөлек өлгіме.

Бейімбеттің белгісіз туындыларын ғылыми-әдеби айналымға қосу әдетте өткен ғасырдың 20-30-шы жылдардағы ұлттық баспасөздің нақты материалдарын саралау, жан-жақты іздеу арқылы жүзеге асырылады. Осы негізде бірақтар жаңа көркем шығармалары, оқулықтары мен оқу кітаптары, күнтізбелік жинақтары, өліппе мен өліппе орнына пайдаланылатын құралдары («Шала сауаттылар үшін оқу кітабы»), «Күш», «Жаңаша оқы, жаз!», «Әдебиет тану оқу құралы», «1929 жылдың шаруа календары», «1930 жылдың шаруа календары», «1931 жылғы календарь жинағы», «Сауат үшін», «Сауаттандырыңыз», «Буварь для ликбезников» зертханасына қосылды. Ұзақ уақыт зерт салынбай келген тәржімелік тәжірибелері таразыланып, баспасөз бетінде қалған аударма еңбектері (В.Бонч-Бруевич. Жолдас Ленинге істелген кездесу; П.М.Быков. Романовтардың соңғы күндері; Н.О.Троцкий. Дауылда туғандар, т.б.) талданып, ішінара қайта жариялана бастады.

Шығармаларының басқа тілдерге аударылу тарихының да деректері мол. Мысалы, 1935 жылы «Дочь казах» деген атпен орыс тілінде жарық көрген «Азамат Азаматыч» романы – қазақ романдарының ішінде орыс тіліне аударылған тұңғыш шығарма. «Қырман басында» (кейін «Қырманда» деп өзгертілген белгілі повесі) еңбегі ұйыр тіліне аударылған, бірақ автордың 1937 жылғы қуғын-сүргінге ұшырауы салдарынан жарық көрмей қалды. Бейімбеттің ұйыр тілінде жарық көрген жалғыз кітабы 1937 жылғы «Байшұбар» поэмасы ғана. Жазушының «Шұғаның белгісіз» повесі мен «Ахыран бастығы», «Сарыала тон», «Қара шелек» еңгімелері Алматы мен Мәскеу қалаларында ағылшын және неміс тілдерінде жарық көрген кейбір жинақтарға енді. Жазушының басқа тілдерге аударылған еңбектері де шығармашылық зертханасын құрайтыны, жалпы сөз мұрасынан сырт тұрмайтыны белгілі.

1937 жылы жазушының жарық көруге тиісті еңбектері басында жатты. Қуғын-сүргінге ұшыраған кезінде бұл қолжазбалар тәркіленді де, сонан қайтып жазушы қазынасына қосылған жоқ.



Бірақ осы жылы үш кітабы («Өтірікке бейге», «Байшұбар», «Жалбыр») ғана шығып үлгерді. Өндіріске тапсырылған және басуға қол қойылған мерзіміне қарағанда, Бейімбет Майлиннің көзі тірісінде жарық көрген ең соңғы кітабы – «Жалбыр» пьесасы.

Осы кітапта Б.Майлиннің өз қолымен 1936 жылдың қыркүйек айында жазған «Жалбыр» пьесасы туралы автордың сөзі» деп аталатын ақыры аманаты бар: «Жалбыр» пьесесі 35-жылы жазылып, сол жылы кітап болып басылып шыққан еді, – дейді жазушы. – 36 жылы Мәскеуге апарарда (Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі – С.Б.) бірсыпыра өзгерістер кіргізіп, өңдеп берген едім. Бұл баспасын сол соңғы өзгерістеріме бірсыпыра сәйкестендіріп істедім. Әсіресе ақтық пердесін өзгерттім. Басқа перделерін көбіне сол ескі күйінде жіберуді мақұл көрдім. Автор».

Бейімбет былай дейді: «Мен пьесада 1916 жылдың таптық көтерілісін сырын ашуға тырыстым, өзінгө, қанауға келген кедей, батырақ көпшілігінің қол ұстасып патшалыққа, патшаға арқа сүйеген бай-болыстарға қарсы шын ашынып, майданға түскенін суреттемек болдым. Жалбыр дейтін кісі бұрынғы Қостанай уезі Дамбар болысындағы кедей еді. 1916 жылғы көтерілісте осы кісі бастап атақ мінді. Қостанай уезінің бірнеше болыстары бірігіп, Торғай уезіндегі Амангелді көтерілісіне атсалыспақшы болды. Бастап атақ мінгенде бүкіл Торғай өлкесіне атышулы алаяқ, Романовтың 300 жылдық тойына Қостанай уезінен өкіл бол барған, шен алған Сайым Қадыров дейтін болысты өлтірді. «Жалбыр» пьесасына негіз боп алынған оқиға міне осы еді. Музыка тағырына арнап жазған пьеса болғандықтан бұл сияқты тарихи нәрсені толық ұйыстырып беру оңай жұмыс болмады. Бұған бір жағы театрдың жастығы, режиссерлердің тәжірибесіздігі болды. Пьеса көлемін театрдың бойына шағындап қайта істеуге тура келді».

Анығында, тарихта болған Жалбыр Құдайбергенов есімін әдебиетке Бейімбет Майлин алып келді. Жиырмамыншы жылдары жазушы шығармашылығында Мырқымбай қандай орын ала, отызыншы жылдары Жалбыр есімі сондай биікке көтерілді. Отызыншы жылдардың ойранында жазушы «Жалбыр» пьесасына байланысты: «...Фаббас Тожановтың кеңесімен алашордашыл Міржақып Дулатовтың кеңесіне өкіметіне қарсы әнін пайдаланыпты; Тожанов оған Жалбырды шал қылып жаз деп кеңес беріпті» деген сияқты кіне тағылғаны оның істі болу құжаттарынан кездеседі. Жазушы Жалбыр бейнесін екі пьесасында («Жалбыр», «Біздің жігіттер»), сондай-ақ белгісіз «Ауыл» романында ішінара көрсетуімен бірге, дербес көлемді прозалық еңбегінде де сомдады. 1936 жылы «Социалды Қазақстан» газетінде үзінділері ғана жарияланып үлгірген «Жалбыр» повесі жеке кітап болып шыққан жоқ. Повестің алғашқы бөлігін кезінде профессор Т.Нұртазин іздестіріп тауып еді. Көп жылдар бойы белгісіз болып келген бұл шығарманың қалған бөлігін кейін профессор С.Ордалыев үйіріне қосты. Соның өзінде «Жалбыр» повесінің аяқталмай қалғаны (соңы табылмағаны) аңғарылады.

Бейімбет Майлиннің аяқталмай қалған, соңы табылмаған жоғалған шығармалары аз емес. Мысалы, 1934 жылы жеке кітап болып шыққан «Азамат Азаматыч» романы, академик М.Қаратаевтың жазушына, «Бейімбет прозасының ең көлемдісі және ең соң-

ғысы. Бұл трилогия болып бітуге тиісті романның бірінші кітабы» екен.

Отызыншы жылдардың газеттерінен «Бейімбет «Тартыс», «Қазақ қызы», «Майдан» еңбектерін жазып жүр... «Бейімбет «Ауыл» деген роман жазып жүр, мұнда қалхоз құрылысындағы тап тартысы көрсетіледі. Онан соң «Қазақ қызы» деген романның екінші бөлімін жазып жүр. Бұларды осы жылы жазып бітірмек» деген хабарларды оқуға болады. Осы секілді хабарларды негізге ала отырып, Бейімбет мұраларын саралай келгенде, оның төлтума еңбектерінен бүгінгі күнге «Тартыс», «Ауыл», «Қоңсылар», «Қызыл жалау», «Азамат Азаматыч» (2-кітабы) романдары, «Дударай» операсы жетпегенін айтуға болады. Осы кезде жазылған «Ажар мен Досан», «Қошқар ата алқабында» повестерінің де ізі шықпай келеді.

Егер шолып айтар болсақ, әдеби ортаға белгілі көлемді еңбегі – «Қоңсылар» романы еді. Ол жеке кітап болып шығып үлгермеді. Бірақ 1932 жылдан бастап баспасөзде үзінді түрінде жариялана бастады. Роман үзінділерін 1932-1935 жылдардағы «Әдебиет майданы», «Социалды Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» сияқты мерзімдік басылымдар беттерінен кездестіреміз.

«Қызыл жалау» сынды күрделі романы да жазушы қуғын-сүргінге ұшыраған тұста қолды болып кетті. Тұтастай қолжазбасы өлі күнге дейін таптырмай келеді. Қанағат тұтатынымыз – сүбелі туындының газет-журнал беттерінде үзінді күйінде қалып қойған шашыраған жылдары ғана. Жазушының өзінен қалған сөздерге жүгінесек, «Қызыл жалау» – қалхозы. Оның жұмысшылары шартпен Қарағандыға барды. Толық аяқталып және баспансыз 1937 жылы жарық көретін басылымдарының тізбесінде тұрған «Қызыл жалау» жеке кітап болып шығып үлгермеді.

Ал «Тартыс» романы туралы дерек көп емес. Бұл шығарманың шағын үзіндісі 1932 жылы «Әдебиет майданы» журналында жарияланды. Бүгінгі сүйенетіміз – осы жарияланған. «Тартыс» желісі «Қоңсылар» романымен сабақтас. Мұнда 1916-1919 жылдардағы оқиғалар қамтылады. Және бұл оқиғалар Жақсылық Жоламанұлы есімді жас жігіттің өмірімен байланыстыра баяндалады. Жазушы Жақсылықты қалай ер жеткізбекші еді? Қандай дәрежеге көтермек-ті? Өкінішке қарай, бәрі жұмбақ. Баспасөзде романның басқа үзінділері кездеспейді. Бізге нәзім дерек бойынша, жазушы бұл шығармасын 1929 жылы аяқтап, басқа атаумен баспаға берген. Бірақ өзінің жазуынша, «сол шіркін ұнақырамай қалып, қайта жазуға кіріскен. Осы қайта жазу нәтижесінде роман атауы «Тартыс» деп өзгертілген. Бұрынғы жазғандарын түгелдей пайдаланбай, тыңнан қосып дамытқан. Соған орай жазушы мұрағатында «Тартыс» романының екі нұсқасы болған деп жорамалдай аламыз. Жалғыз жұрнағы жеткен «Тартыс» романы – отыз жетінші ойранында жоғалған жәдігердің бірі.

«Ауыл» романы жеке кітап болып басылған жоқ. Зерттеушілер «Ауыл» романының атын атағаны болмаса, затын түстей алмай келді. Өйткені шығарма мәтіні сақталмаған деп саналды. Алайда «Ауыл» романының аз ғана үзіндісі бар болатын. Аталмыш шығарманы алғаш рет «ұзақ өңгімеден үзінді» деп жариялаған басылым «газетімізде орын тар болғандықтан бұл өңгімені қысқартып бастық» деп ескертпек жасаған. Шынында да, газеттегі мәтін шығарманың айтарлықтай ық-

шамдалғанын байқатады. Ал бұл «ұзақ өңгіме» Бейімбет Майлиннің бірде бір кітабынан кездеспейді. Ол – әдебиеттің айналымына түспеген тың туынды. Роман оқиғасы жазушының 1935 жылғы «Бір суреттің тарихы» өңгімесін еске салады. Өңгімеде бас кейіпкер Шәкібай Шаңырақбайұлы болса, «Ауылдың» өзепі – Шаңырақбай. Екеуінде де ақтар әскери офицерінің суреті демеуші деталь ретінде пайдаланылған. Соған қарап, «Бір суреттің тарихын» «Ауыл» романының ізашары не басқа нұсқасы деп санауға болады. «Ауыл» романында 1916 жыл оқиғаларынан басталып, отызыншы жылдарға дейінгі оқиғалар суреттелген.

«Басылмаған романның бір тарауы» деген айдармен жарияланған «Қарашаш» атты шығармасы да толық нұсқасы табылмаған еңбектерінің қатарында. Мұнда суреттелетін оқиғалар «Қоңсылар», «Азамат Азаматыч», «Тартыс», т.б. туындыларын еске салады. Солардың бастапқы, үзінді түріндегі әдеби нұсқалары деп те жобалауға да бола-ды.

1936 жылы «Сталин жолы» журналының үш нөміріне «Күлгеш жеңгей» атты көлемді көркем шығармасы басылды. Бұл да журналға шыққан күйінде қалып қойды. «Күлгеш жеңгейдің» мынадай кейіпкерлері бар: Доскелді Құлтабанов, Тобақабұл Күлгеш, Нұртай мырза, Ақманды, Қожаұмарат көкеш. Біздіңше, бұл – жазушының көлемді дүниеге бағыт ұстаған, қаламгерлік баяндау мәнерін, өзіндік жазу үлгісін айқын аңғартатын, аяқталмай қалған көркем шығармасының бірі.

Бейімбет Майлин тұтқынға алынған кезде тәркіленген архивтерде сақталуы мүмкін ғой деп саналып келген қолжазбалары, кітаптары, басқа да жазбаларын қайтару жөнінде кезінде біздің бастамамызбен арнаулы органға өтініш жасалған еді. Нәтижесінде бұрын екі адам (арнаулы қызмет өкілдері) ғана қол қойып танысқан Б.Майлиннің қылмыстық ісінің материалдарымен біздің үшінші болып танысуымызға, ал зерттеушілер арасынан бірінші болып осы істі басынан аяғынан дейін еркін парақтап шығуымызға мүмкіндік туы. Осы жолы архивтер қорында Бейімбет Майлинге қатысты қылмыстық істен басқа ешқандай шығармашылық еңбектердің сақталмағандығы тағы да белгілі болды. Өйткені ең алғаш рет мұндай өтініш өткен ғасырдың 50 жылдары Бейімбет ақталған бойда зайыбы Күнжамалдың атынан түскен екен. Оған да Бейімбет еңбектерінің архив қорларында сақталмағандығы туралы жауап берілді. Міне, осындай жайттарды саралай келгенде, жазушының кезінде қолды болған белгісіз шығармаларын табу жолы жыл сайан қиындап келе жатқанына көз жетседі. Ұлы суреткер Фаби Мүсіреповтің өзі: «...Бейімбеттің «Қазақ қызы», «Қызыл жалау» дейтін романдарын қатарға қоса алмадым...» деп өкінген екен. Демек, бейімбеттану саласындағы алдағы күндерден үмітті зерттеулердің енді мақсаты – сол шығармалар үзінді күйінде болса да жарық көрген байырғы мерзімдік басылымдарға бойлау, сақталуы мүмкін жазушы еңбектерін іздеу, табу, қайта жариялау, сөйтіп Бейімбет Майлиннің әдеби-публицистикалық мұрасын қолдан көлгенше толықтырып, молайта түсу. Әрине, ізденіс жалғаса береді.

Серікқали БАЙМЕНШЕ, филология ғылымдарының докторы, Бейімбеттанушы

Кеңес



Маңызды міндеттер қаралды

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссия отырысы өтті. Онда биылғы аудан әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссия жұмысының нәтижелері және 2025 жылға қойылған міндеттер туралы және террористік тұрғыдан осал нысандардың терроризмге қарсы қорғалуын жетілдіру шаралары қарасты.

Ардақ Ибраимов діни экстремизм мен терроризмге қарсы жұмыстар барлық мемлекеттік органның тиісті міндеттерінің бірі екенін жеткізді. Сондықтан терроризмге қарсы комиссия отырыстарында берілген тапсырмалар мүлтіксіз орындалып, ұсыныстар тұрақты бақылауда болу қажеттігін қатаң ескертті.

Комиссия отырысында берілген хаттамалық тапсырмалардың орындалуын бақылау және үйлестіру аудан әкімінің орынбасары Ғани Кенжеғараұлына жүктелді.

Жаңа заң түсіндірілді

Облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы мен облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ұйымдастыруымен ауданның бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңның нормаларын түсіндіру мақсатында көшпелі семинар-кеңес өтті. Оған облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының қызметкерлері, аудан әкімінің орынбасары, ауыл өкілдері, аудан әкімдігіне және аудандық білім, мәдениет, спорт бөлімдеріне қарасты мекемелер басшылары мен жауапты мамандары қатысты.

Семинар-кеңес бағдарламасына сәйкес облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы мен ішкі аудит департаментінің қызметкерлері қатысушыларға келер жылдан бастап қолданысқа өнетін «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң мен «Мемлекеттік сатып алу жүзеге асыратын» қағидалардың нормаларын түсіндірді. Сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың талаптарын қатаң сақтау қажеттігін ескертті.

Шара соңында қатысушылардың жұмыс барысында кездесетін мәселелері мен ұсыныстары тыңдалып, жаңа Заңның нормаларына қатысты қойылған бірқатар сұрақ жауапсыз қалмады.



Нашақорлыққа жол жоқ

Оқушылар үйінде нашақорлыққа қарсы бір айлық акция аясында «Жат қылықтан алыс болшы, жас ұрпақ» атты аудан жастарымен еркін форматта кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, аудандық прокуратураның прокуроры Әділжан Оразали, аудандық полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы Мәулен Өсер, аудандық аурухананың психологы Бақыт Доспанов, аудандық отбасын қолдау орталығының психологы Ақмарал Темірбек, «Наркескен» спорт клубының бір спортшынан жаттықтырушысы Абдулхаман Сейтенов, аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Асхат Ахметжамиев, мектеп оқушылары және колледж студенттері қатысты.

Кездесуде қоңақтар ауданда нашақорлықтың, лудоманияның, жастар арасында кеңінен тараған смартфондағы қауіпті ойындардың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, жас ұрпақты жат қылықтардан аулақ болуға шақырды. Сондай-ақ тақырыпқа сай әзірленген бейнероликтер көрсетіліп, түрлі тренингтер жүргізілді. Қатысушылар өздерінің толғандырған сұрақтарына жауап алды.

«ЖЖ» ақпарат

Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі ұжымы әріптесіміз, колледждің өндірістік оқыту шебері

Кішкенбаев Сәбит Исабекұлының

мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен жақындарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады

